

БӨЛІМ: ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

«Логикалық ойлау қабілетін дамыту ойындары»

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.01.2020СІЛТЕМЕНТ [HTTPS://BILIMGER.KZ/67762/](https://bilimgger.kz/67762/)

Ұзақ мерзімді жоспар бөлім: Командалық ойын- белсенді қозғалыстың іс-әрекеті
Мектеп: №10ЖББОМ Күні:

Сынып: 8 А.Б Мұғалімнің аты-жөні: Майлыбаев Б

Сабақ тақырыбы: Логикалық ойлау қабілетін дамыту ойындары

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 8.2.3.1 қолайлы оқып-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын қолдану және көрсете білу;

Сабақ мақсаттары -ойын кезінде қауіп қатерлерді және тәуекелдерді анықтайды.
— қолайлы оқып-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын қолдана алады

-өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін көрсете алады;

— өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін салыстыра алады;

Бағалау критеріі -қауіпсіздік ережесін біледі;

— қолайлы оқып-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын қолдана алады;

— өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін көрсете алады;

— өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін салыстыра алады;

Тілдік мақсаттар

Оқушылар:

Командалық ойындардағы серіктестік туралы түсініктерін талқылай алады.

Пәнге тән лексика мен терминология:

Қауіпсіздік, адал ойын

Ереже, жарыс, серіктестік

Рөлдер, көшбасшы, шабуылшы, қорғаушы

Қозғалыс дағдылары, физикалық қасиеттер

Серіктестік, проблемаларды шешу

Бақылау, бағалау, кері байланыс, талқылау

Тактика, техника, стратегия

Ережелерді бұзу

Жүгіру, доппен секіру

Допты беру, оны себетке лақтыру

Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:

Талқылау үшін сұрақтар

қорғаушыны қалай алдауға болады? Қорғаушыны ойыннан шығарудың ең тиімді амалы қандай?

Құндылықтарды дарыту (Ынтымақтастық) Жылы қарым-қатынасты орнату, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру мен құрылымдық ұстанымды дамыту, қарым-қатынас орнату кезіндегі сыни ойлау қабілеті.

(Академиялық шындық) Басқа адамдардың ойлары мен идеяларын құрметтеу, академиялық шындықтың ұстанымдарын сақтау, плагиатқа және ақпараттың көзін көрсетпеуге төзбеушілік.

Пәнаралық байланыстар Физика пәнімен байланыс.

АКТ қолдану дағдылары Ғаламтор ресурсына сілтеме: Ойын тактикасы:

<https://youtu.be/KtDgFtMpZYA>

Бастапқы білім Оқушылар спорттық ойындар арқылы қозғалыс дағдыларын, баскетбол ойындарының элементтерін қолдану арқылы командалық ойындардағы көшбасшылық қабілетін, логикалық ойлау жүйесін, ептілігін дамытады.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

Сабақтың басы

0-7

7-8 Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі

Мұғалім оқушыларды сабақ тақырыбымен, күтілетін нәтижелермен және сабақ мақсаттарымен таныстырады. Мұғалім сабақтағы қауіпсіздік техникасын еске салады.

Бір орында: Оңға, солға, кері бұрылу.

2. Жүру: Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанға созып өкшемен жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру.

3. Жүгіру: Еркін жүгіру, тізені көтеріп жүгіру, аяқты артқа сермеп жүгіру. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау.

Бір орында жалпы дене шынықтыру жаттығуларын орындау.

«Бір минут» стратегиясы

Тақырып бойынша нақты ақпарат айтуын қадағалаңыз.

Денені ширатып шынықтырғаннан кейін мұғалім оқушыларға «смайликтер» стратегиясы бойынша жаттығудан кейінгі көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Мұғалім сұрақ қояды: — сіз таңдаған көңіл-күйлеріңізді қалай түсіндіруші едіңіз? Кең, таза кеңістік әрбір әрекет үшін.

Мұғалімге ысқырық

Сабақтың ортасы

10-30

(С, Т, ҚБ) Оқушылар үш командаға бөлінеді. Олар алаң үстінде бір-бірінің ішіндегі 3 шеңбер сызады: бірінші шеңбердің диаметрі 1м, екіншісі – 3м және үшіншісі 5 м. Ұстаушы бірінші шеңбер ішіне тұрады, екінші шеңбер бос қалады, қорғаушылар үшінші шеңбер ішіне тұрады (4-6 адам). 2-ші команда – алаң ойыншылары. Алаң ойыншылары ұстаушыға пас беруге тырысып, допты жүргізеді. Қорғаушылар ұстаушыға допты ұстатқызбай, оларға қарсылық көрсетуге тырысады. Допты өз ұстаушысна көбірек берген команда жеңіске жетеді.

Дескриптор

- қауіпсіздік ережесін біледі.
- алып жүре алады.
- ойында қарсыласқа құрмет көрсетеді.
- допты кеуде тұстан бір қолмен лақтырады.

(Ж, Т, ҚБ)

Оқушыларды екі топқа бөліңіз. Ойын ережесіне байланысты екі жақты ойын ұйымдастыру.

Ойын кезіндегі тактикалық әрекеттерді жеке немесе топпен талқылаңыз.

Дескриптор

- қауіпсіздік ережесін біледі.
- ойын ережесін біледі.
- ойында төрешілік қызмет атқара алады.
- қарсыласына ойын кезінде құрмет көрсетеді

Саралау жүзеге асырылады.

а) физиологиялық сипаттамаларға:

- ұлдар жоғары жүктеме жасайды;
- қыздар аз жұмыс істейді;

б) физикалық қабілеттерге:

- оқушылар өздерінің моторикасын кеңейту үшін күрделі жаттығулар жасай алады;
- Неғұрлым қабілетті оқушылар кем мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдау көрсетеді.

Бағалау: тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім оқушыларға дескриптор арқылы өзара бағалау жүргізуді ұсынады.

Мұғалім сұрақ қояды: қорғаушыны қалай алдауға болады? Қорғаушыны ойыннан шығарудың ең тиімді амалы қандай?

Мұғалім, оқушыларды дұрыс жолға бағыттайды және қандай да бір қиыншылықтар мен тіл проблемалары туралы ескертулер жазып алады (спорт терминологиясы және т.б.)

Мұғалім кейде оқушыларға ынталандырушы сұрақтар қойып, олардың қаншалықты тапсырманы орындаумен айналысып отырғанын тексереді.

Қажетті жағдайда мұғалім келіспеушілік жағдайында мәселені дұрыс шешуге талпынады.

Сабақ соңында оқушылардың қажеттіліктеріне қарай екі жақты ойын ұйымдастыру. Әрбір әрекет үшін кең, бос кеңістік, ысқырық, секундомер, бор.

Сілтеме ойын тактикасы

<https://youtu.be/KtDgFtMpZYA>

Сабақтың соңы

35-40 Рефлексия: Оқушылар рефлексиялық карточка толтырады.

Зейінді және тыныс алуды қалпына келтіру жаттығулары.

Оқушылар мұғалімнің көрсеткенін және айтқанын істейді (жалпы дамытушы жаттығулар), қателескен оқушы орнына отырады. Ергежейлілер – алыптар (Ергежейлілер – отырды, алыптар – тұрды).

Мұғалім үй жұмысын береді:

— пән терминологиясын жаттау;

— таңғы жаттығу, кеудені жерден көтеру, пресс, тартылу.

Оқушылар тамырдың ырғағын санайды. Кең, таза кеңістік әрбір әрекет үшін.

Мұғалімге ысқырық

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Композициялық тапсырмалар кезінде нәтижесі, тапсырмасы мен жабдығы бойынша айырмашылық.

Өз қимылдар сөз қорын тереңдету үшін реттіліктерін құрғанда қабілетті оқушыларға қиындау сұрақтар қойыңыз. Байқау, тыңдау, сұрақ қою.

Оқушылар қозғалғанда қажет болғанда тоқтап, қауіпсіздік туралы біліп, тапсырмаға қатыса ма?

Оқушылар дескриптор арқылы бірін бірі бағалайды. Ғылыммен байланыс – денсаулық пен дене, қауіпсіздік, салмақ/ағын динамикасы

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

Тексерілді:

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.